



**№ 2 (34)
2014**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

Редакциялық алқа:
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Э.О. Дүйсенова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (жаңа редакциясы) жобасы бойынша баспасөз релизі, Астана қ., 2014 жылғы 5 маусым.....	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	10
Н.А. БИЕКЕНОВ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының конституциялық бақылауды қамтамасыз етудегі қызметінің кейбір мәселелері.....	10
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Мемлекеттік монополияның құқықтық негіздері.....	16
С.С. ШЕШЕНБАЕВА Әкімшілік әділет неден басталады?.....	22
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы.....	26
С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Қазақстан Республикасының банкроттық және оңалту заңнамаларының жаңалықтары.....	26
А.А. МҰҚАШЕВА, Р.Е. БҮЖІГІТОВА Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама аясында шағын су энергетикасын құқықтық қамтамасыз ету проблемалары.....	34
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА, А.М. ҚАСЫМОВА Мұрагерлік кезіндегі әмбебап құқық мирасқорлығы.....	40
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу.....	44
С.М. РАХМЕТОВ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдірудің өзектілігі: заң техникасы.....	44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия жобасын талқылау шеңберінде: жеке пікір.....	49
Р.А. ОРСАЕВА Құқықтық білімділік әрқашан нәтиже бермейді.....	54

О.Б. ФИЛИПЕЦ Қазақстан Республикасы өмір бойы бас бостандығынан айыру институтын реттейтін қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамасының нормаларын жетілдіру мәселелері.....	60
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану.....	65
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, К.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ Кейбір конвенциялар, қазақстандық және американдық заңнама, БҰҰ-ның халықаралық терроризммен күрес құрылымдары.....	65
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы Шарт жобасының ерекшеліктері.....	75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Қазақстан Республикасының қатысуымен қалыптасатын интеграциялық бірлестіктердің құқықтық аспектілері.....	80
Қ.Ж. ҚУАНДЫҚОВ, М.К. ЖҮСІПБЕКОВА Қазіргі кезеңдегі Кедендік одақтың кедендік-тарифтік саясатының өзекті мәселелері.....	86
Құқықтық мониторинг және қолданыстағы НҚА-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама.....	92
Т.С. САФАРОВА Қазақстан Республикасында құқықтық мониторинг жүргізуді әрі қарай жетілдірудің кейбір теоретикалық аспектілері.....	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Әлеуметтік жаңғырту аясындағы еңбек заңнамасы (іргелі ғылыми-қолданбалы зерттеу материалдары бойынша).....	96
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен.....	100
Ә.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТҰРАРОВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ұғымдық кемшіліктері мен орфографиялық мәселелері.....	100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МҰШАНОВ Мемлекеттік тіл туралы заңды енді кешеуілдетуге болмайды!.....	108
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Аударма жасауда заң тілінің сөз жасамдық және морфологиялық сипаттарын ескеру мәселелері.....	112
А.Н. КАДИРОВА Заң терминдерін аудару мәселелерін зерттеу мен тіларалық коммуникация саласындағы шығармашылық.....	116
Шетелдік тәжірибе.....	120
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (Саратов қ.) Имплементация құқықтық институт ретінде.....	120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (Днепропетровск қ.) Мемлекеттік биліктің моральдық-этикалық құрамдас бөлігі.....	125
Құқық қолдану тәжірибесі.....	131
К.А. АРАЛБЕКОВА Сот актілерін орындау - басты міндет.....	131

Жас ғалым мінбері.....	133
Д.Ш. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА Ұлыбритания еліндегі атқарушы директорлардың асыра сыйақыларына құқықтық және корпоративтік шектеулерді қарастыру.....	133
А.М. ҚОҒАМОВ ҚР және АҚШ-тың қылмыстық процесінде әрбір адамның білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығына қысқаша салыстырмалы-құқықтық талдау.....	139
Ж.М. ЛЕПЕСОВА Мұрагерлік құқығындағы өсиеттік бас тарту институты.....	143
С.Т. СӘРСЕМБАЕВА Қарақшылық пен бопсалаушылықтың ара-жігін ажыратудың проблемалық мәселелері.....	146
З.С. ӘШІМОВА Аукцион сауда-саттық нысаны ретінде	151
Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Бала асырап алудан туындайтын құқықтық салдар.....	155
Д.Ш. ТӨКЕЕВ Ұйымдарға салынатын салықтан жалтару қылмысын нормативтік қаулыда қарастыру мәселелері.....	159
Ақпараттық хабарламалар	164
2014 ж. 24-25 сәуірде Мәскеу қ. өткен Еуразиялық сыбайлас жемқорлыққа қарсы үшінші жылсайынғы форум туралы ақпараттық хабарлама.....	164
2014 ж. 21 мамырда ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама.....	166
2014 ж. 30 мамырда Астана қ. өткен «Қазақстан Республикасының заңнамасын реформалаудың өзекті мәселелері: теория және практика» атты Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған («Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама.....	170
«Сауда және инвестицияны қорғау туралы өңірлік халықаралық шарттар» тақырыбына өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама. Минск қ., 2014 жылғы 12-13 маусым	172
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....	174
Мерейтой.....	175
З.ғ.д., профессор М.С. БЕЙБІТОВТІҢ туғанына 60 жыл.....	175
ҚР ҰҒЖА академигі, з.ғ.д., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИДІҢ 60-жылдығына орай.....	177



**№ 2 (34)
2014**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили
М.Ч. Когамов

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Э.О. Дуйсенова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Пресс-релиз Министерства юстиции Республики Казахстан по проекту Кодекса об административных правонарушениях (новая редакция), г. Астана, 5 июня 2014 года.....	8
Конституционное и административное право	10
Н.А. БИЕКЕНОВ Отдельные аспекты деятельности правоохранительных органов Республики Казахстан по обеспечению конституционного контроля.....	10
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Правовые основы государственной монополии.....	16
С.С. ШИШИМБАЕВА С чего начинается административная юстиция?.....	22
Гражданское и гражданско-процессуальное право.....	26
С.П. МОРОЗ, С.М. ШУКУРОВА Новеллы законодательства Республики Казахстан о реабилитации и банкротстве....	26
А.А. МУКАШЕВА, Р.Е. БУЖИГИТОВА Проблемы правового обеспечения малой гидроэнергетики в свете Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике».....	34
Л.С. ТУРГАНБАЕВА, А.М. КАСЫМОВА Универсальное правопреемство при наследовании.....	40
Уголовное право и уголовный процесс.....	44
С.М. РАХМЕТОВ Проблемы совершенствования уголовного законодательства Республики Казахстан: юридическая техника.....	44
Д.Ж. ИГЕМБАЕВ В рамках обсуждения проекта Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан до 2025 года: собственные рассуждения.....	49
Р.А. ОРСАЕВА Правовое знание всегда дает результат.....	54

О.Б. ФИЛИПЕЦ К вопросу совершенствования норм уголовного и уголовно-исполнительного законодательства Республики Казахстан, регламентирующих Институт пожизненного лишения свободы.....	60
Международное право и сравнительное правоведение.....	65
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ Some Conventions, Kazakh criminal legislation, UN structures in fight with international terrorism (Некоторые конвенции, казахстанское и американское законодательство, структуры ООН в борьбе с международным терроризмом).....	65
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Особенности Проекта Договора об учреждении Евразийского экономического союза.....	75
Ж.И. ИБРАГИМОВ Правовые аспекты интеграционных процессов с участием Республики Казахстан.....	80
К.Ж. КУАНДЫКОВ, М.К. ЖУСУПБЕКОВА Актуальные проблемы таможенно-тарифной политики Таможенного союза на современном этапе.....	86
Правовой мониторинг и антикоррупционная экспертиза действующих НПА.....	92
Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические аспекты дальнейшего совершенствования проведения правового мониторинга в Республике Казахстан.....	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Трудовое законодательство в свете социальной модернизации (по материалам фундаментального научно-прикладного исследования).....	96
Из практики законотворчества на государственном языке.....	100
А.А. ДАУЛЕТХАНОВА, Ж.М. ТУРАРОВА Терминологические недостатки и орфографические вопросы Гражданского кодекса Республики Казахстан.....	100
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МУШАНОВ Не стоит откладывать принятие закона о государственном языке!.....	108
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Вопросы словообразования и морфологических особенностей языка закона при переводе.....	112
А.Н. КАДИРОВА Изучение вопросов перевода юридических терминов и творческий подход к сфере межъязыковой коммуникации.....	116
Зарубежный опыт.....	120
Т.А. ЖЕЛДЫБИНА (г. Саратов) Имплементация как правовой институт.....	120
Ю.А. ЛЕГЕЗА (г. Днепропетровск) Морально-этическая составляющая государственной власти.....	125
Правоприменительная практика.....	131
К.А. АРАЛБЕКОВА Исполнение судебных актов – главная обязанность.....	131

Трибуна молодого ученого..... 133

Д.Ш. ХУДАЙБЕРГЕНОВА Examination of the Legal and Governance Restraints on Excessive Executive Directors' Remuneration in the Great Britain (Рассмотрение правовых и корпоративных ограничений на чрезмерные вознаграждения исполнительных директоров в Великобритании)..... 133

А.М. КОГАМОВ Краткий сравнительно-правовой анализ конституционного права каждого на получение квалифицированной юридической помощи в уголовном процессе Республики Казахстан и США..... 139

Ж.М. ЛЕПЕСОВА Институт завещательного отказа в наследственном праве..... 143

С.Т. САРСЕМБАЕВА Problematic issues of delimitation of robbery and extortion (Проблемные вопросы разграничения разбоя и вымогательства)..... 146

З.С. АШИМОВА Аукцион как форма торгов..... 151

Қ.О. ҚОЙЛЫБАЕВ Правовые последствия при усыновлении (удочерении)..... 155

Д.Ш. ТОКЕЕВ Вопросы рассмотрения в нормативном постановлении по преступлению уклонения от уплаты налогов с организации..... 159

Информационные сообщения 164

Информационное сообщение о Третьем ежегодном Евразийском антикоррупционном форуме в г. Москве, 24-25 апреля 2014 г. 165

Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам проведения научной лингвистической экспертизы, 21 мая 2014 г. 168

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Актуальные вопросы реформирования законодательства Республики Казахстан: теория и практика», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 30 мая 2014 г. 171

Информационное сообщение о международной научно-практической конференции на тему: «Региональные международные договоры о торговле и защите инвестиций» в г. Минске, 12-13 июня 2014 года 173

Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова..... 174

Юбилей..... 175

Д.ю.н., профессору БЕЙБИТОВУ М.С. - 60 лет..... 175

К 60-летию академика НАЕН РК, д.ю.н., проф. И.Ш. БОРЧАШВИЛИ..... 177



*Дәулетханова Әсия Әлімғазықызы,
ҚР Заң шығару институты
Құқықтық мониторинг орталығы талдау
және құқықтық мониторинг секторының
аға ғылыми қызметкері,
заң ғылымдарының кандидаты*



*Тұрарова Жұмакүл Мұхтарқызы,
ҚР Заң шығару институты
Лингвистика орталығының НҚА
және халықаралық шарттар
жобаларына ғылыми лингвистикалық
сараптамасекторының аға ғылыми қызметкері*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІНІҢ ҰҒЫМДЫҚ КЕМШІЛІКТЕРІ МЕН ОРФОГРАФИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мен қорғаудың тетігі – ұлттық заңнама бүгінгі күні экономиканың түрлі саласына тиесілі нормативтік құқықтық актілердің үлкен ауқымын білдіреді. Осындай маңызды нормативтік құқықтық актілердің бірі азаматтық қатынастардың көптеген салалары үшін құқықтық бастау болып табылатын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында, Елбасы Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында алдағы жұмыстың ұзақмерзімді басымдықтары белгіленгендігін және бірқатар басым бағыттар бойынша мәселелердің шешімін табу керектігін атап өте отырып, оның ішінде қазақ тіліне де қатысты өзінің тұжырымдамалық ойын білдірген болатын: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. Былтырғыға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызға өскен. Бұл да біраз жайттан хабар береді. Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға ре-

спублика бойынша 10 миллиард теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» дей отырып, «біздің Стратегия-2050-дегі басты мақсаттарға жетуді көздейтін барлық іс-әрекеттеріміз нақты қағидаттарға негізделуге тиіс» екендігін баса атап өтті [1].

Сондықтан, қоғамдық қатынастардағы болып жатқан түрлі өзгерістер қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді уақытылы қайта қарап, құқықтық жетілдіруді, оның ішінде заң мәтіндерін ресми заң тілі мен терминологиялық нормаларға сай әзірлеуді талап ететіндігін атауға болады. Заң әрқашан тіл арқылы бейнеленетіндігі белгілі, сол тілдің көмегімен халықтың еркі мен санасына, қоғамдық қатынастардың сапасына ықпал етеді. Заң нормасының айқын да, дәл әрі ұғынықты болуы міндетті екендігі сөзсіз.

Қазіргі кезде қазақ тіліндегі заң терминологиясы қайта түлеу, қалыптасу жолында келе жатыр. Бірақ бұл жолдың жиырма жылдан астамға созылған бұралаң бұлғақ жолға айналғандығы көңілге қаяу түсіреді. Бұл кезекте, біз қолданыстағы Азаматтық кодекстің құқықтық нормасына нұқсан келтіретін түсініксіз, әртүрлі ұғымдар мен терминдердің пайдаланылуын жоюды, ресми құжаттық стильдің, яғни, баяндаудағы ресмилік, сөздердің тура мағынада, бір мәнде пайдаланылуы, белгісіз ұғымдардың

пайдаланылмауына баса назар аударуды қажет ететіндігіне тоқталамыз.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Жалпы және Ерекше бөлімдерінің қазақ тіліндегі мәтініндегі

грамматикалық қателермен қоса, мағынасы күңгірт, мәні анықталмаған мынадай сөздер мен сөз тіркестерінің пайдаланылғандығына мысал келтіруге болады.

Өртүрлі пайдаланылған сөздер мен сөз тіркестері, ұғымдар	Бабы	Ұсынылатын нұсқа
2. Жануарларды ұстап алған адам және олар бағуы мен пайдалануына берілген адам жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады. (2. Лицо, задержавшее животных, и лицо, которому они переданы на содержание и в пользование, отвечают за гибель и порчу животных лишь при наличии вины и в пределах стоимости этих животных.)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 246-баптың 2-тармағы	2. Жануарларды ұстап алған адам және олар бағуы мен пайдалануына берілген адам жануарлардың шығыны мен жойылғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады.
3. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді. (3. Если в течение шести месяцев с момента заявления о задержании рабочего и крупного рогатого скота и двух месяцев - других домашних животных их собственник не будет обнаружен и не заявит о своем праве на них, право собственности на этих животных переходит к лицу, у которого они находились на содержании и в пользовании.)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 246-баптың 3-тармағының 1 бөлігі	3. Егер жегетін және ірі қара малды ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді.
2. Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің меншігінде жер учаскелері, жер учаскесіндегі екпелер, оның ішінде жеке орман қорындағы екпелер, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсіріліп, ұсталатын жабайы жануарлар, шаруашылыққа арналған және өзге де қора-қопсылар , мелиорациялық және басқа да құрылыстар, өнім беретін және жегін мал , құс, ауыл шаруашылығына арналған және өзге де техника мен жабдықтар, көлік құралдары, құрал-саймандар және қожалық мүшелері берген және (немесе) қожалық үшін оның мүшелерінің ортақ қаражатына сатып алынған басқа да мүлік болуы мүмкін. (2. В собственности членов крестьянского или фермерского хозяйства могут находиться земельные участки, насаждения на земельном участке, в том числе насаждения частного лесного фонда, дикие животные, разведенные и содержащиеся	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 224-баптың 2-тармағы	2. Шаруа немесе фермер қожалығы мүшелерінің меншігінде жер учаскелері, жер учаскесіндегі екпелер, оның ішінде жеке орман қорындағы екпелер, еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсіріліп, ұсталатын жабайы жануарлар, шаруашылыққа арналған және өзге де құрылыстар , мелиорациялық және басқа да құрылыстар, өнім беретін және жегетін мал, құс, ауыл шаруашылығына арналған және өзге де техника мен жабдықтар, көлік құралдары, құрал-саймандар және қожалық мүшелері берген және (немесе) қожалық үшін оның мүшелерінің ортақ қаражатына сатып алынған басқа да мүлік болуы мүмкін.

в неволе и (или) полуволевых условиях, хозяйственные и иные постройки , мелиоративные и другие сооружения, продуктивный и рабочий скот , птица, сельскохозяйственная и иная техника и оборудование, транспортные средства, инвентарь и другое имущество, переданные членами хозяйства и (или) приобретенные для хозяйства на общие средства его членов.)		
--	--	--

Бұл кемшіліктердің ұғымды әртүрлі түсінуге, бір-біріне қайшы әртүрлі ұғым ретінде пайдалануға әкелетін заң стилі мен терминологиясының сақталмауына бірден бір мысал болатындығын атай отырып, осы ұғымдардың заңнамадағы нақты қандай ұғымды білдіретіндігін қарастырып көрелік. Мәселен, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 22 маусымдағы № 147 Заңында Атқару құжаттары бойынша өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүліктердің тізбесіне енген мүліктердің қатарында «шаруашылық құрылыстары» («хозяйственные постройки») деген нақты ұғым берілген болса, «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы № 109 Заңында:

«6-1-бап. Салық салу объектілерінің құнын айқындау саласындағы мемлекеттік монополия

1. Салық салу объектілерінің (тұрғынжайдың, саяжай құрылысының, аяқталмаған құрылыс объектісінің, салқын жапсаржайдың, шаруашылық (қызметтік) құрылыстың, шығыңқы ірге қабатының, тұрғынжай жертөлесінің, гараждың) құнын айқындау жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жүзеге асырады.» деп көрсете отырып, салық салынатын құрылыс объектілері аталады.

Осы нормада аталған құрылыс түрлерінің кейбіріне Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген «Жылжымайтын мүлік объектілеріне бастапқы және кейінгі мемлекеттік техникалық тексеру нұсқаулығында» мынадай анықтамалар беріледі: «жапсарлас салынған құрылыс - құрылысқа қатысты көмекші

болып табылатын оның күрделі сыртқы қабырғаларынан тысқары салынған және онымен бір (немесе одан да көп) ортақ күрделі қабырғасы болатын немесе негізгі құрлыстың үстінен салынатын құрылыстың бөлігін айтады. Жапсарлас құрылыстың негізгі қабырғамен өзінің ішкі байланысы болады. Оған: жапсарлас салынған ас бөлмесі, тұрғын жапсарлас құрылыс, ауыз үй, тамбурлар, дәліз, кіру топтары және тағы басқалар жатады. Барлық жапсарлас салынған құрылыстар жылытылатын және суық (ауыз үй, тамбур, дәліз, және басқа да жапсарлас салынған құрылыстар) болып бөлінеді;», «құрылыс - бір немесе бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтастықты құрайтын құрылыс. Іргетасының мақсаты мен оның материалына байланысты емес бөліктерінің арасындағы байланыстарымен бірге ортақ қабырғасы мен іргетасының біртұтастық белгісі», «қызметтік құрылыс деп жер учаскесінде негізгіге қатысты кейінгі орындағы маңызға ие құрылысты айтады. Қызметтік құрылыстарға сарайлар, гараждар, моншалар мен басқалар жатады».

Сонымен бірге, «Әр шаруашылық бойынша есепке алуды жүргізу және тіркеу жазбаларын жүргізуді ұйымдастыру нысандары бойынша статистикалық әдіснаманы бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 10 маусымдағы № 136 бұйрығының 26-тармағында: «26. VI бөлім «1 қаңтардағы ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға және мал ұстауға арналған құрылыстар, басқа да құрылыстар.

«Ауыл шаруашылығы малдарын ұстауға арналған құрылыстар» жолы бойынша бос жолдарда құрылыстың түрлері көрсетіледі: ірі қара мал, шошқа, қой мен ешкі, жылқы, өзге де малдар, құс ұстауға және малдарды бірге ұстауға, басқа да түрлеріне арналған, сондай-ақ мал орындарының жалпы саны көрсетіледі» деген норма қамтылған. Сондай-ақ, «Тұрғын үйге меншік құқығын қорғауға байланысты дауларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы

16 шілдедегі № 5 нормативтік қаулысында «Өз бетімен салынған құрылыс», (самовольная постройка), құрылыс (постройка) деген ұғымдар пайдаланылады. Аталған «құрылыс» («постройка») ұғымын «қора-қопсы» деп аудару мағынасын ашпайтындығын, ұғымдық мәні кең, әрі әртүрлі саланың объектілеріне қатысты болатын ұғымды қамтитындығын көреміз.

Осындай лексикалық-стильдік кемшіліктерге ұғымдары көмескіленген, норманы қолдану барысында қате түсінуге әкелетін Азаматтық кодекстің жоғарыда көрсетілген баптарындағы «жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін» (за гибель и порчу животных, «рабочего и крупного рогатого скота»), «жұмыс малы мен ірі қараны» (рабочего и крупного рогатого скота) деген тіркестерді де мысалға келтіруге болады.

Азаматтық кодекстің қазақ тіліндегі мәтініне егжей-тегжейлі талдау жүргізетін болсақ көптеген грамматикалық, оның ішінде

орфографиялық кемшіліктерді де кездестіруге болатындығына көз жеткіземіз.

Тіл білімі теориясынан белгілі «орфография» сөзі грек тілінде orthographia, orthos – дұрыс және grapho – жазу, жазамын деген ұғымды білдіреді. Ол тіл білімінің грамматика саласында қамтылатын жазудың бірыңғай ережелерінің жүйесі. Бұл дыбыстарды әріппен белгілеуге қатысты мәселелер: кейбір әріптердің қолданылуы, түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы, сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы, шылаулардың жазылуы, сөздерді тасымалдау, бас әріптің қолданылуы [2, 159 б.].

Сонымен, Азаматтық кодекстің мәтіні бойынша орфографиялық норманың сақталмауына қатысты мынадай мысалдарды атауға болады [3, 4]. Мысалы, кейбір әріптердің қолданылуы, түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы:

Әртүрлі нұсқада жазылған сөздер	Бабы, тармағы	Сөздердің дұрыс нұсқасы
«субсидиарлық жауаптылықта» (субсидиарную ответственность)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 44-баптың 1-тармағы	«субсидиялық жауаптылықта» (субсидиарную ответственность)
«субсидиарлық жауапкершілікте»	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 44-баптың 2-тармағы	
«357-бап. Субсидиялық жауапкершілік субсидиялық жауапкершілігі» («Статья 357. Субсидиарная ответственность»)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 357-бап	
«Субсидиялық міндеттемені» (субсидиарного обязательства),	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 288-бап	
«субсидиялық борышқорға» (субсидиарному должнику)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 288-бап	
«құқықты мирасқорын» (правопреемника),	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 48-баптың 2-тармағы	«құқықтық мирасқорын»
«құқықтық мирасқорында» (у правопреемника)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 48-баптың 3-тармағы	
«құқықты мирасқорлығы» (о правопреемстве)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 47-баптың 2-тармағы екінші бөлігі	«құқықтық мирасқорлығы»

«қақылы» (вправе)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 3-баптың 7-тармағы, 333-баптың 2-тармағы	«құқылы» (вправе)
«құқылы» (вправе)	338-1-баптың 1-тармағының 2 бөлігі	«құқылы» (вправе)
«Заң күші бар Жарлықтарынан» (указов Президента Республики Казахстан)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 3-баптың 1-тармағы	«Заң күші бар жарлықтарынан» (указов Президента Республики Казахстан)
116-бап. Азаматтық құқық объектілерінің айналы қабілеттілігі	Азаматтық кодекстің	116-бап. Азаматтық құқық объектілерінің айналым қабілеттілігі

Сондай-ақ, сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы:

«кез келген мәміле» (любые ... сделки)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 14-бап	
«кез келген уақытта» (в любое время)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 60-баптың 4-тармағы екінші бөлігі	
кез-келген уақытта (в любое время)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 67-баптың 1-тармағы	кез келген уақытта (в любое время)
кез-келген адамға	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 118-баптың 5-тармағы	кез келген адамға
«заңды мекенжайы» (юридический адрес)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 16-баптың 3-тармағы	
«мекенжайы» (адрес)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 16-бап	
«мекен-жайы» (адреса)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 39-бап	«мекенжайы» (адреса)
«жеке дара» (единоличным)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 92-баптың 5-тармағы	«жеке-дара» (единоличным)
«Жеке-дара басқару органы» (Единоличный орган управления)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 60-баптың 2-тармағы	

«бара-бар үлес» (доля...пропорциональная)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 100-баптың 4-тармағы	
«барабар сомадан»	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 59-баптың 1-тармағы 2 бөлігі	«бара-бар сомадан»
«барабар» (пропорционально)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 98-баптың 1-тармағы	«бара-бар» (пропорционально)
«жобалық-сметалық құжаттамада» (в проектно-сметной документации)	Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімі, 665-баптың 1-тармағы	
«жобалау-сметалық құжаттаманы» (проектно-сметную документацию)	Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімі, 667-баптың 1-тармағы	«жобалық-сметалық құжаттаманы» (проектно-сметную документацию)
«қолма қол төлеп және қолма қол төлемей» (в виде наличных и безналичных расчетов)	Азаматтық кодекстің Жалпы бөлімі, 127-баптың 3-тармағы	«қолма-қол төлеп және қолма қол төлемей» (в виде наличных и безналичных расчетов)
«қолма-қол ақша» (наличных денег)	Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімі, 750-баптың 1-тармағының 5-тармақшасы	
«қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз аудару» (как наличными деньгами, так и путем безналичных переводов)	Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімі, 762-баптың 1-тармағы	

Сөздерді тасымалдауда әсіресе, сан есім сөздерін тасымалдауда, сан есімдерді бөліп жазу жиі кездеседі. Сондай-ақ тіл нормасын сақтамаушылық сан есімді жаза отырып, сөзге көптік жалғауларын жалғау сияқты қолданыстағы көптеген заңнама мәтінінде ұдайы кездесетін кемшілік болып отыр.

Азаматтық кодекстің мәтінінен жинақталған аталған орфографиялық кемшіліктерге ұқсас кемшіліктерді қолданыстағы заңнамадағы басқа да салалық нормативтік құқықтық актілерден де анықтауға болады. Бұл жерде Азаматтық кодекс талқыға түсіп отырған бір объекті ғана.

Азаматтық кодекске, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерге жылма жыл түзетулер енгізіліп отырады, ал келешекте

оларды әзірлеу барысында стильдік және терминологиялық талдаулардың нәтижелері мен қорытындыларын ескере отырып, жетілдіру жұмыстарын жүргізуді қолға алу кезек күттірмес мәселенің бірі деуге болады.

Аталған жұмыстар заң жобасын әзірлеу жұмыстары бойынша біліктілігі жоғары мамандардың немесе заң терминдерімен аударма жұмысындағы тәжірибиелі лингвист мамандардың қатыстырылуымен жүргізілуі қажет.

Оған қоса, заң мәтіндерін әзірлеумен айналысатын мамандардың заң стилі мен терминологиясы бойынша тәжірибелерін ұштау мақсатында біліктілікті жетілдірудің, сондай-ақ күнделікті заң жобаларын әзірлеу жұмыстарында

кажетті оқу-әдістемелік құралдарды пайдалана білудің де орны ерекше.

Осы орайда, пайдалануға болатын оқу құралдары ретінде мынадай әдебиеттерді атауға болады:

1. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. Өңделіп, толықтырылған екінші басылым. – Алматы: Мектеп, 1974. – 138 б.

2. Орфографиялық сөздік/құраст.: Н. Уәлиұлы және т.б. - Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.

3. Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 128 б.

4. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / авт. бірл.: Қ. Есенова, Н. Әміржанова, С. Жапақов, Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. - 477 б.

5. Құрманбайұлы Ш. Терминтану (оқу

құралы). - Астана, 2009. – 160 б.

6. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі (лингвистикалық сараптама жасаушыларға көмекші құрал) (30 мың термин мен атаулар). Құрастырған және жалпы редакциясын басқарған М.А. Айымбетов. - Қарағанды: Экожан, 2011. - 483 б.

Олай болса, әзірленетін заң жобаларының қазақ тіліндегі мәтіндерінің сапасын жетілдірудің әдіс-тәсілі заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізу немесе жұмыс топтарының пысықтау жұмыстары ғана болып қана қоймай, бір орталыққа жұмылдырылған салалық нормативтік құқықтық актілердің тілдік нормаға сәйкестігін анықтау бөлігіндегі мониторинг жүргізумен ұштастырылған жұмыстың нәтижелерін қорыту болуы қажет екендігін атап өту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. Астана / <http://www.akorda.kz>

2. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. - Алматы: Сөздік - словарь, 1998. – 304 с.

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім. «Заң» деректер базасы 05.03.2014 жылғы жағдай бойынша.

4. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Ерекше бөлім. «Заң» деректер базасы 05.03.2014 жылғы жағдай бойынша.



Мақалада қазақ тіліндегі заң терминологиясының проблемалары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің мысалында лексикалық және орфографиялық ережелерді дұрыс қолдану көзқарасы тұрғысынан қарастырылған.

Түйін сөздер: заң терминологиясы, заң нормасы, тілдік норма, ұғымдар мен терминдер, қазақ тілінің ресми құжаттық стилі.

В статье рассматриваются проблемы юридической терминологии с точки зрения корректного применения лексических и орфографических правил казахского языка на примере Гражданского кодекса Республики Казахстан.

Ключевые слова: юридическая терминология, правовая норма, языковая норма, понятия и термины, официально-деловой стиль казахского языка.

The problems of using legal terminology in regard to correct application of lexical and spelling rules of the Kazakh language on the example of the Civil code of the Republic of Kazakhstan are being enlightened (contemplated) in the article.

Keywords: legal terminology, legal norm, language norm, concepts and terms, formal-business style of the Kazakh language.

Әсия Әлімғазықызы Дәулетханова,

ҚР Заң шығару институты Құқықтық мониторинг орталығы талдау және құқықтық мониторинг секторының аға ғылыми қызметкері, з.ғ.к.

Жұмакүл Мұхтарқызы Тұрарова,

ҚР Заң шығару институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің ұғымдық кемшіліктері мен орфографиялық мәселелері

Даулетханова Асия Алимгазиевна,

старший научный сотрудник сектора анализа и правового мониторинга Центра правового мониторинга Института законодательства РК, к.ю.н.

Турарова Жумагуль Мухтаровна,

старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

Терминологические недостатки и орфографические вопросы Гражданского кодекса Республики Казахстан

Dauletkhanova Asya Alimgaziyevna,

senior research fellow of the sector of the Center of legal monitoring Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, c.j.s.

Turarova Zhumagul Mukhtarovna,

senior research fellow of the sector of scientific-linguistic expertise of legal acts and international agreements of the Linguistic Center of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Terminological shortcomings and orthographic issues of the Civil Code of the Republic of Kazakhstan

